

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

МАТЕМАТИКА

Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып
оқушыларына арналған SMART-оқулық

1-бөлім

(МАКЕТ)

3

Шартты белгілер



– Есіме сақтаймын



– Топпен жұмыс



– Түсініп аламын



– Жұппен жұмыс



– Шығармашылық
жұмыс



– Қызықты деректер



– Зерттеймін



– Менің өмірімдегі
математика



– Деңгейлік тапсырма



– Ойнаймын, ойлаймын

Тапсырма деңгейлері түспен берілді:



жеңіл



орта



күрделі

Математика. 1-бөлім: Бастауыш білім беру деңгейінің 3-сынып оқушыларына арналған SMART-оқулық. 2026 – 156 бет.

Оқулыққа оқу бағдарламасына сәйкес математика пәнінің базалық білім мазмұны енгізілген. Тілі тартымды, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Оқулықтың мазмұны оқушылардың логикалық және функционалдық сауаттылығын дамытуға, математикалық ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Әр сабақ өмірмен байланысты жағдаяттар арқылы беріліп, оқушыны зерттеушілікке, шығармашылыққа, өз ойын дәлелдеп айтуға жетелейді.

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы! Сен жаңа оқу жылының табалдырығын аттап, білім әлемінде тағы бір сатыға көтерілдің. Бұл SMART-оқулық – сандар мен есептердің қызықты әлеміне жол ашатын сенімді серігің.

Оқулық екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде сен сандарды оқу, жазу және салыстыруды, арифметикалық амалдарды орындауды, қарапайым есептер шығаруды, геометриялық фигураларды тануды және шамалармен жұмыс жасауды үйренесің. Тақырыптар бір-бірімен өзара байланыста беріліп, жаңа білімді бұрынғы біліміңе сүйене отырып, біртіндеп меңгеруіңе көмектеседі.

Бұл оқулық SMART-форматта әзірленген. Яғни баспа нұсқасы электрондық платформамен толықтырылған. Оқу материалындағы тапсырмаларды электрондық нұсқада да орындауға болады. Онда интерактивті жаттығулар, автоматты тексеру, қайта орындау мүмкіндіктері қарастырылған.

Осы беттегі QR-код арқылы электрондық оқулықтың толық нұсқасына өтесің. Ал әр айқарабеттің жоғарғы жағындағы QR-код сол сабақтың электрондық нұсқасын ашады. Онда өзің қалаған тапсырманы орындай аласың. Ережелерді жақсырақ түсіну үшін кейбірі бейнежазба түрінде берілген. Интерактивті тапсырмалар өз бетіңше жұмыс жасауға, қателігіңді бірден көруге және түзетуге көмектеседі.

Оқу құралындағы өмірмен тығыз байланысты жағдаяттар, суреттер, сызбалар, кестелер мен ойын элементтері математиканы қызықты әрі түсінікті етеді.

Математика сабағынан алған әрбір жаңа білімің – болашақтағы үлкен жетістігіңнің іргетасы. Білімге құштар бол! Ізденуден жалықпа!

Авторлар тобы

1. 1 000-ға дейінгі сандар

Орман өсімдіктері




1 000 көлеміндегі сандарды тура және кері санап, сан қатарындағы орындарын анықтауды үйренесің.

1. Сандарды тура және кері сана. Әр санның бірлігі мен ондығын ата.



- ✓ 30 бен 80-нің арасындағы сандарды ата.
- ✓ 60-тың екі жақтағы көршілерін ата.
- ✓ Сандар қатарындағы ең кіші және ең үлкен санды ата.
- ✓ Сүйікті саныңды таңда.
- ✓ Саған неліктен дәл осы сан ұнайды?



2. Цифрлардан ұштаңбалы сандар құра: ① ③ ⑦ ⑨ ⑩


- ✓ Әр цифрды бір реттен ғана қолдан.
- ✓ Бір санды қатыстырып сөйлем құра.

3. Кестеге мұқият қара. Сол жақта – 1000-ға дейінгі сандар. Оң жақта – оқылу үлгісі. Берілген үлгі бойынша сандарды толық оқып шық.

Сан	Оқылуы
100	бір жүз
200	екі жүз
300	...
400	...
500	...

Сан	Оқылуы
600	...
700	...
800	...
900	...
1 000	МЫҢ

4. Бірінші сызбадағы санды оқы. Келесі сызбаларда қандай сандар шығатынын тап.



- Үш таңбалы сан **жүздіктен, ондықтан және бірліктен** тұрады. Мысалы: $245 = 2 \text{ жүздік} + 4 \text{ ондық} + 5 \text{ бірлік}$
- Үш таңбалы санды **жүздіктен бастап оқимыз**.
- Жүздік артқан сайын сан да артады.

5. Берілген сандар қатарынан кейбір сандар түсіп қалған. Оларды тауып, дұрыс оқы.



6. Тапсырмаларды ретімен орында.

а) Есепті шығар.

Орманшылар 300 қарағай көшетін және 700 шырша көшетін отырғызды. Барлығы неше көшет отырғызылды?

ә) Орманның пайдасы туралы 2-3 сөйлем жаз.



7. Мысалдарды шығар.

$$21 + 16$$

$$75 - 43$$

$$62 - 21$$

$$41 + 27$$

$$54 + 25$$

$$86 - 54$$

Өз жауабыңды таңда.



– қызықты болды;



– сәл түсініксіз;



– қиын болды.

2. Үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру

Дала өсімдіктері



Үштаңбалы сандарды оқып, жазып, салыстыруды үйренесің.



1. Үлгі бойынша жұбыңа жұмбақ жасыр.

- ✓ Мен ойлаған санда 4 жүздік, 0 ондық және 5 бірлік бар. Бұл қандай сан?
- ✓ Мен ойлаған санда 9 жүздік, 1 ондық және 0 бірлік бар. Бұл қандай сан?



2. Тапсырмаларды ретімен орында. Сұрақтарға ойланып жауап бер.

- а) Әр өсімдіктің астындағы мысалды шығарып, оның қалай аталатынын біліп ал.

489 жусан

444 меңдуана

756 бетеге

243 бақбақ



$$200 + 40 + 3$$

$$400 + 80 + 9$$

$$700 + 50 + 6$$

$$400 + 40 + 4$$

- ә) Қалай ойлайсың, өсімдіктердің табиғат үшін қандай маңызы бар? Оларды не үшін қорғауымыз керек?

б) Нәтижелер арасынан:

- ✓ ең кіші және ең үлкен санды;
- ✓ бірдей цифрлардан тұратын санды;
- ✓ 500-ге жақын санды тап.

3. Сандарды дәптеріңе сөзбен жаз.

Үлгі: 243 – екі жүз қырық үш

489

642

735

444

821

4. Берілген сипаттама бойынша ұштаңбалы сан құрап, дәптеріңе жаз.
Шыққан сандарды оқы.

1. 3 жүздік, 5 ондық, 2 бірлік →

2. 6 жүздік, 0 ондық, 8 бірлік →

3. 9 жүздік, 9 ондық, 9 бірлік →



5. Өз қалауыңмен бір сан құра. Оны дәптеріңе цифрмен де, сөзбен де жаз.

6. Сандарды салыстыр.

345 543

999 100

458 854

800 700

602 602

321 421



Ұштаңбалы сандарды жүздіктерден бастап салыстырамыз.
Жүздіктері тең болса – ондықтарын, ал олар да тең болса – бірліктерін салыстырамыз.



7. Есепті шығар.

Далада шөп шабу жұмысы басталды. Ауыл тұрғындары бірінші күні 400 орама, келесі күні 600 орама шөп жинады. Екі күнде барлығы неше орама шөп жиналды? Егер шөп сақтау қоймасына 1000 орама қажет болса, тұрғындар жоспарды орындады ма?



Өз жауабыңды таңда.



– қызықты болды.



– сәл қиын.



– түсіну қиын болды.



3. Үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы

Ағаштар мен бұталар

Үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтауды үйренесің.



1. «Құпия сандар» ойыны. Әр қатардағы фигуралар жасырын бір санды білдіреді. Жазбаны оқып, оның қандай сан екенін тап.



3 жүздік



2 ондық



1 бірлік

...



2 жүздік



3 ондық



2 бірлік

...



4 жүздік



1 ондық



3 бірлік

...

Разрядтық құрам дегеніміз – санды жүздік, ондық, бірлікке бөлу.

Мысалы: $845 = 800 + 40 + 5$

Кластық құрам дегеніміз – санның кластар бойынша жазылуы.

Бірліктер класы – бірлік, ондық, жүздік.



2. Кестедегі сандарды оқы. Класы мен разрядын ата.

Бірліктер класы			
Разрядтар			Сан
Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер	
4	6	3	463
2	4	9	...
9	8	5	...
8	6	3	...
9	2	1	...

3. Үлгіге қарап, сандардың разрядтық құрамын ата.

Үлгі: $845 = 8 \text{ жүздік} + 4 \text{ ондық} + 5 \text{ бірлік}$

$730 = \dots \text{ жүздік} + \dots \text{ ондық} + \dots \text{ бірлік}$

$690 = \dots \text{ жүздік} + \dots \text{ ондық} + \dots \text{ бірлік}$

$840 = \dots \text{ жүздік} + \dots \text{ ондық} + \dots \text{ бірлік}$

4. Салыстыр.

$273 \square 458$

$871 \square 964$

$742 \square 321$

$457 \square 481$



5. Есепті шығар.

Орманда бір қатарға 200 шырша, екінші қатарға 300 қайың, ал үшінші қатарға 150 қарағай отырғызылды. Барлығы неше ағаш болды?

Шыққан санның жүздігін, ондығы мен бірлігін ата.



6. «Жауабын тап» ойыны. Мысалдарды шығар. Жауаптарын тауып, бұталардың атауын біліп ал.



791



534



610



205

қарақат

$500 + 30 + 4$

таңқурай

$700 + 90 + 1$

итмұрын

$200 + 0 + 5$

мамыргүл

$600 + 10 + 0$

Өзің қалаған сөйлемді толықтыр.

Бүгін мен ... білдім.

Ең қызықты сәт ...

Маған қиын болғаны ...

... үйренгім келеді.



4. 1000 саны. 1 000 000-ға дейін санау

Дала гүлдері



1 000 санымен, мыңдықтар класымен танысасың; 1 000 000-ға дейін санап, жазып және салыстырып үйренесің.

1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1 000 санының алдындағы ең үлкен ұштаңбалы санды ата.
- 8 жүздіктен 6 ондықтан 5 бірліктен тұратын санды ата.
- Ұштаңбалы сандарды қай разрядтан бастап салыстырамыз?



2. Берілген суретке қара. Бір нүктені 1 жүздік деп алып, әр қорапқа қандай санның жасырылғанын тап.



10 жүздік дегеніміз – мың саны (1 000).

1 000 саны мыңдықтар класына жатады. Мыңдықтар класы **бірлік мыңдық, ондық мыңдық, жүздік мыңдықтан** тұрады.



Көптаңбалы сандарды дұрыс оқу үшін оларды кластарға бөліп алады, яғни оң жақтан бастап үш цифрдан бөлу керек.

Мысалы: 464 857 (464 мың 857)



3. Бұл – бірліктер және мыңдықтар класының кестесі. Осы кестеге жазылған сандарды оқы.

Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		
Жүздік	Ондық	Бірлік	Жүздік	Ондық	Бірлік
		1	0	0	0
	2	3	0	0	0
4	5	4	6	7	0

4. Жалғастырып сана. Қаншаға дейін санай алдың?

100 мың, 200 мың, 300 мың...

Мың мыңдық дегеніміз – миллион (1 000 000).

1 000 000 – алты нөлмен жазылатын сан.

1 000 000 саны миллиондар класына жатады.



5. Бұл – бірліктер, мыңдықтар, миллиондар класының кестесі. Осы кестеге жазылған сандарды үлгі бойынша оқы.

Санды оқыған кезде бірліктер класының аталмайтынына назар аудар.

Үлгі:

Миллион			Мыңдық			Бірлік		
Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
	2	4	8	4	5	3	1	8
24 млн			845 мың			318		

Миллион			Мыңдық			Бірлік		
Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
		8	9	1	5	3	0	0
	4	2	4	2	4	0	0	0
1	2	3	3	0	0	0	0	0

6. Сандарды үлгі бойынша қосылғыштарға жікте.

$$345 = 300 + 40 + 5$$

$$345\,000 = \square + \square + \square$$

$$896 = \square + \square + \square$$

$$896\,000 = \square + \square + \square$$



7. Тапсырмаларды ретімен орында.

а) Есепті шығар.

Әлияның отбасы 1 000 гүл отырғызды. Айдананың отбасы 3 000 гүл отырғызды. Екі отбасы бірге неше гүл отырғызды?

ә) Адамдар гүлді не үшін отырғызады? Осы тақырыпта жұбыңмен ой бөліс.

Сабақ соңындағы көңіл күйің қай бетбейнеге сәйкес келеді?



– қызықты болды.



– сәл қиын.



– түсіну қиын болды.

5. Көптаңбалы сандардың графикалық моделін құрастыру

Үй жануарлары



Көптаңбалы сандарды модельдеуді, кластар мен разрядтар кестесін қолдануды үйренесің.



1. Сандарды оқы. Үй жануарларының астына жазылған сандардың разрядтық және кластық құрамын анықта.



45 908



6 320



12 345 678



12 005



127 875 932



1 874

Көптаңбалы сандарды оқығанда бірліктер класы және барлық цифры нөл болған класс айтылмайды.



Миллион			Мыңдық			Бірлік		
4	6	4	0	0	0	1	2	3
464 млн			...			123		

Оқылуы: 464 млн 123 (төрт жүз алпыс төрт миллион жүз жиырма үш)

2. Кестедегі сандарды оқы.

Миллион			Мыңдық			Бірлік		
Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
		1	0	0	0	5	6	7
7	0	0	0	0	0	0	0	0
2	4	7	7	4	3	0	0	0

3. Бірінші модельге қарап, 125 325 санының қалай белгіленгенін түсініп ал. Келесі кестедегі жасырылған сандарды тап.

Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		
Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
					

Мыңдықтар класы			Бірліктер класы		
Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
					
					



4. «Менің айналамдағы сандар» тапсырмасын орында.

Берілген мәліметтерді дәптеріңе толтыр. Сандардың моделін құрастыр.

Мектебімнің нөмірі – ...

Сыныбымдағы оқушы саны –

...

Достарымның саны – ...

Досымның туған күні – ...



Өз жауабыңды таңда.



– қызықты болды.



– сәл қиын.



– түсіну қиын болды.

6. Арифметикалық амалдар компоненттері Дала жануарлары



Арифметикалық амалдардың компоненттерін қайталайсың.





1. Әр жануардың өз тұрағын тап. Жануарлар мен сандарды қатыстырып есеп құра, оны шығар.



134



316



234



215

2. Амалдар компоненттерін топтастырып, дәптеріңе ретімен жаз.

бөлінгіш

азайтқыш

көбейткіш

қосындының
мәні

қосылғыш

айырманың
мәні

бөліндінің
мәні

көбейтіндінің
мәні

бөлгіш

көбейгіш

қосылғыш

азайғыш

3. Өрнектерді есептеп шығар. Амалдардың компоненттерін атап шық.

$$30 + (14 + 25)$$

$$(4 + 3) \cdot 5$$

$$(2 \cdot 6) - 12$$

$$97 - (23 + 11)$$

$$36 : (6 + 3)$$

$$(99 - 45) + 12$$

4. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте.

$$463 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$999 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$780 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$

$$105 \text{ кг} = \square \text{ ц } \square \text{ кг}$$



5. Тапсырмаларды ретімен орында.

а) Есепті шығар.

Далада ақбөкендер 3 үйірге бөлініп жайылып жүр. Бірінші үйірде – 24 бас, екінші үйірде – 18 бас, ал үшінші үйірде белгісіз. Барлығы 70 бас ақбөкен болса, үшінші үйірде неше ақбөкен болған?



ә) Жабайы жануарлар жоғалып кетпеу үшін адамдар не істеуі керек?

Қосу мен азайту адамдарға көне заманнан бері қажет болып келеді. Бұрын адамдар заттардың санын білу үшін тастарды немесе таяқшаларды қолданған. Қосу арқылы олар қанша зат бар екенін анықтаған, ал азайту арқылы қанша заттың қалғанын білген. Бүгінде бұл амалдар саудада, қашықтықты есептеуде және уақытты жоспарлауда кеңінен қолданылады.



6. Таспаны ары-бері жылжытып, бос терезеге сандарды кезекпен қой. Өрнектер құра. Олардың мәнін тап.

$$\begin{array}{c} 18 \\ 21 + 35 \\ 42 \end{array}$$

$$\begin{array}{c} 25 \\ 12 + 42 \\ 16 \end{array}$$

$$\begin{array}{c} 14 \\ 33 + 25 \\ 21 \end{array}$$

$$\begin{array}{c} 12 \\ 54 + 14 \\ 23 \end{array}$$

Сабақ соңындағы көңіл күйің қай бетбейнеге сәйкес келеді?



– қызықты болды.



– сәл қиын.



– түсіну қиын болды.




7. Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту

Теңіз тұрғындары

Үштаңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды үйренесің.



1. Сегізаяқтың аяғындағы цифрлардан үштаңбалы сандар құра. Оқы.



2. Түсіндіре отырып орында.

$$300 + 70 + 3$$

$$500 + 30 + 5$$

$$700 + 60 + 8$$

Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту үшін сандардың разрядтық құрамына сүйенеміз. Яғни:

- Бірлікті бірлікке қосамыз. / Бірліктен бірлікті азайтамыз.
- Ондықты ондыққа қосамыз. / Ондықтан ондықты азайтамыз.
- Жүздікті жүздікке қосамыз. / Жүздіктен жүздікті азайтамыз.

$$\begin{array}{r} 300 \\ 40 \\ 5 + 2 \\ \hline 345 + 212 \end{array}$$

$$300 + 200 = 500$$

$$40 + 10 = 50$$

$$5 + 2 = 7$$

557

$$\begin{array}{r} 700 \\ 30 \\ 6 + 3 \\ \hline 736 + 324 \end{array}$$

$$700 - 300 = 500$$

$$30 - 20 = 10$$

$$6 - 4 = 2$$

412



3. Түсіндіре отырып орында.

$$245 + 312$$

$$867 - 423$$

$$742 - 230$$

4. Сызбаға қарап, қосу, азайту тәсілдерін түсініп ал.

Шығару жолы	Түсіндіру
$\begin{array}{r} 583 + 7 \\ \swarrow \quad \searrow \\ 580 + 3 \end{array}$	583 дегеніміз: 580 мен 3 Бірлікке бірлікті қосамыз: $3 + 7 = 10$ 580-ге 10-ды қосамыз: $580 + 10 = 590$
Шығару жолы	Түсіндіру
$\begin{array}{r} 460 - 8 \\ \swarrow \quad \searrow \\ 450 + 10 \end{array}$	460 дегеніміз: 450 мен 10 10-нан 8-ді аламыз: $10 - 8 = 2$ 450-ге 2-ні қосамыз: $450 + 2 = 452$

5. Түсіндіре отырып орында.

$$823 + 7$$

$$590 - 9$$

$$700 - 4$$



6. «Бұл қай балық?» ойыны. Мысалдарды ауызша жылдам шығарып, балықтардың атауын біліп ал.

$$85 + 13$$

(алабұға)

$$76 - 51$$

(шортан)

$$24 + 65$$

(жайын)

$$98 - 65$$


(камбала)

$$87 - 12$$

(мөңке)

$$23 + 54$$

(көксерке)



Өз жауабыңды таңда.



— қызықты болды.



— сәл қиын.



— түсіну қиын болды.



8. Үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту

Көгөністер мен жемістер

Үштаңбалы сандарды қосу, азайту алгоритмдерін үйренесің.



1. Әр бағаннан бір цифрдан алып, үштаңбалы сандар құра. Әр санды разрядтық қосылғыштарға жікте.

Үлгі: $843 = 800 + 40 + 3$

Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер
1 2 3 4 5	1 2 3 4 5	1 2 3 4 5
6 7 8 9	6 7 8 9	6 7 8 9

2. Ауызша есепте.

$$234 + 145$$

$$936 - 425$$

$$619 + 270$$

$$587 - 163$$

$$381 + 408$$

$$898 - 367$$

Үштаңбалы сандарды баған түрінде қосып, азайтуға болады. Жазу кезінде әр разряд өз орнында тұруы тиіс. Бірліктер – бірліктердің, ондықтар – ондықтардың, жүздіктер – жүздіктердің астына жазылады.



Есептеулердің қалай орындалғанын түсініп ал.

	4	3	1	
+	2	4	5	
	6	7	6	

1) бірліктерді қосамын (1 бірл. + 5 бірл. = 6 бірл.)

2) ондықтарды қосамын (3 онд. + 4 онд. = 7 онд.)

3) жүздіктерді қосамын (4 ж. + 2 ж. = 6 ж.)

Жауабын оқимын: 676

	7	5	2	
-	3	2	1	
	4	3	1	

1) бірліктерді азайтамын (2 бірл. – 1 бірл. = 1 бірл.)

2) ондықтарды азайтамын (5 онд. – 2 онд. = 3 онд.)

3) жүздіктерді азайтамын (7 ж. – 3 ж. = 4 ж.)

Жауабын оқимын: 431



3. Түсіндіре отырып шығар.

$$854 - 241$$

$$793 - 281$$

$$642 - 321$$

$$632 + 165$$

$$513 + 216$$

$$954 - 421$$



4. Суретке қарап, есеп құра. Есепте «Барлығы қанша?», «Қанша артық?», «Қанша кем?» сұрақтарын қолдан.



1-күні – 345 кг



2-күні – 353 кг



5. Тапсырмаларды ретімен орында.

а) «Бау-бақша» ойыны. Ауызша есептеп, алдымен жемістерді, соңынан көгөністерді «жина».



$$728 - 523$$



$$624 - 304$$



$$764 - 312$$



$$142 + 316$$



$$243 + 452$$



$$675 + 214$$

ә) Бау-бақшаның пайдасы туралы ойыңды 2-3 сөйлеммен жаз.

Қай бетбейнені таңдағың келеді?



– барлығын түсіндім.



– кейбірі қиын болды.



– қиындық тудырды.





9. Үштаңбалы сандарды жазбаша қосу, азайту

Жидектер

Үштаңбалы сандарды жазбаша қосу, азайту тәсілдерін үйренесің. Өріпті өрнектерді құрастырып, оқып, жазуға жаттығасың.

1. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$342 - 121$$

$$405 + 304$$

$$531 - 320$$

$$216 + 123$$

2. Ауызша есепте. Қосынды мен айырманың мәндерін разрядтық қосылғыштарға жікте.

$$9+5$$

$$42-4$$

$$6+9$$

$$8+3$$

$$83-9$$

Есептеулердің қалай орындалғанын түсініп ал.

	4	5	3
+	1	2	9
	5	8	2

1) бірліктерді қосамын: 3 бірл. + 9 = 1 онд. 2 бірл. (12)

Бірліктердің астына 2-ні жазамын, 1-ді ойға сақтап, ондықтың үстіне жазамын.

2) ондықтарды қосамын: 5 онд. + 2 онд. = 7 онд. Ойдағы 1 ондықты қосамын: 7 онд. + 1 онд. = 8 онд. Ондықтардың астына 8-ді жазамын.

3) жүздіктерді қосамын: 4 ж. + 1 ж. = 5 ж. Жүздіктердің астына 5-ті жазамын.

Жауабын оқимын: 582

	5	9	3
-	1	2	5
	4	6	8

1) бірліктерді азайтамын: 3-тен 5-ті азайта алмаймын, көрші тұрған ондықтан 1 ондықты аламын, 9 ондықтың үстіне нүкте қойып белгілеймін, сонда 13 болады, $13 - 5 = 8$. Бірліктердің астына 8-ді жазамын.

2) ондықтарды азайтамын: 9 ондықтың 1 ондығы кетті, 8 ондық қалды, 8 онд. - 2 онд. = 6 онд. Ондықтардың астына 6-ны жазамын.

3) жүздіктерді азайтамын (5 ж. - 1 ж. = 4 ж.). Жазамын. Жауабын оқимын: 468

3. Баған түрінде есепте:

$$\begin{array}{r} 348 + 139 \\ 791 - 386 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 205 + 178 \\ 654 + 229 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 476 - 157 \\ 950 - 425 \end{array}$$

Қазіргі кезде біз қолданып жүрген цифрлар ерте заманда болмаған. Алғашында адамдар таяқша, тас, сызықтар арқылы санаған. Кейін 0-ден 9-ға дейінгі цифрларды ойлап тауып, сандарды жазу жеңілдеді. Цифрлардың көмегімен өте үлкен сандарды да оңай жазып, оқуға болады.



4. Үлгі бойынша жоғалған санды тап.

Үлгі: $\square + 18 = 41 \rightarrow 41 - 18 = 23$

$\square - 12 = 24 \rightarrow 24 + 12 = 36$

$$\begin{array}{l} \square + 407 = 856 \\ 132 + \square = 455 \end{array}$$

$$\begin{array}{l} 238 + \square = 575 \\ \square + 426 = 753 \end{array}$$

$$\begin{array}{l} \square - 34 = 46 \\ \square - 52 = 28 \end{array}$$

5. Әріпті өрнектердің мәнін тап.

$$a + 47, \text{ мұндағы } a = 38$$

$$84 - d, \text{ мұндағы } d = 37$$



6. Есепті өзің жалғастыр. Сұрақтар ойластырып, оны шығар.

Жұмысшылар орманнан бірінші күні 125 себет, екінші күні 110 себет жидек жинады. Оның 35 себеті дүкендерге жіберілді...



7. Енді қиялыңа ерік бер. Есепте берілген сандарды өзгертіп, парталас көршіңе сұрақ қой және оның қойған сұрағына жауап бер.

Қай бетбейнені таңдағың келеді?



— барлығын түсіндім.



— кейбірі қиын болды.



— қиындық тудырды.



10. Әріпті өрнектердің мәнін табу

Бөлме гүлдері



Айнымалысы бар өрнектердің мәнін табуға жаттығасың.

1. Мысалдарды баған түрінде есептеп шығар.

$$\begin{array}{r} 123 + 238 \\ 465 - 137 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 357 + 124 \\ 728 - 519 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 642 + 153 \\ 125 + 546 \end{array}$$

2. Санды өрнектер мен әріпті өрнектерді ажыратып, екі бағанға бөліп жаз.

$$345 + 120$$

$$a + 120$$

$$690 - 210$$

$$c + 450$$

$$478 + 300$$

$$b - 110$$

3. Әріпті өрнектердің мәнін тап.

а) $a + 120$, мұндағы $a = 130$

б) $c + 450$, мұндағы $c = 300$

ә) $b - 110$, мұндағы $b = 265$

в) $x - 50$, мұндағы $x = 180$

4. Теңдеулерді шеш.

$$m + 210 = 320$$

$$x + 47 = 89$$

$$a + 125 = 250$$

$$690 - n = 128$$

$$y - 36 = 48$$

$$300 - c = 210$$

$$k + 130 = 280$$

$$z + 28 = 75$$

$$b - 70 = 400$$



5. Тапсырмаларды орында. Қай басқыштағы тапсырма қиын болды?

$$a + b - 150, \text{ мұндағы } a = 300, b = 250$$

б

$$y + 120, \text{ мұндағы } y = 370$$

ә

$$x - 50, \text{ мұндағы } x = 100$$

а



6. Өріптің орнына берілген мәнін қойып, есепті шығар.

Дүкенде түске дейін 15 гүл, түстен кейін x гүл сатылды. Барлығы қанша гүл сатылғанын тап.

Мұндағы $x = 39$.



7. «Гүл жинау» ойыны. Ауызша есептеп, гүлдердің атауын біліп ал.



$$54 + 21$$



$$82 - 12$$



$$45 + 62$$



$$75 - 21$$



$$85 + 24$$



$$80 - 57$$

75 – алоэ

107 – кактус

70 – фикус

54 – бегония

109 – шегіргүл

23 – қамысгүл



8. Ақпарат көздерінен (оқулық, интернет, үлкендерден сұрау арқылы) белгілі бір бөлме гүліне неше күнде бір рет су құю қажет екенін анықта. Тапқан мәліметтерге сүйеніп, тапсырмаларды орында.

- 1) Өзің анықтаған су құю жиілігіне сәйкес, аталған гүлге 1 аптада неше рет су құятыныңды есепте.
- 2) Бір гүлді отырғызуға 10 минут кетсе, 5 гүлді отырғызуға қанша уақыт кетеді?

Өз жауабыңды таңда.



– қызықты болды.



– сәл қиын.



– түсіну қиын болды.



11. Қарапайым теңсіздіктерді шешу

Құстар



Қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табуды үйренесің.

1. Төмендегі өрнектердің ішінен теңдіктер мен теңсіздіктерді анықтап, екі бағанға бөліп жаз.

$$5 + 3 = 8$$

$$6 + 9 > 4$$

$$15 + 6 > 18$$

$$3 < 10$$

$$16 - 2 = 14$$

$$57 - 17 = 40$$

$$15 - 7 = 8$$

$$7 + 2 > 5$$

$$34 + 6 < 45$$

2. Сандар сәулесіне қарап, дәптеріңе келесі сандарды жаз:

400-ден кем (кіші);

300-ден артық 800-ден кем;

600-ден артық;

1000-нан кем 700-ден артық.



3. Сандар сәулесіне қарап, берілген теңсіздіктердегі x пен a -ның шешімдер жиынын (мүмкін болатын мәндерін) жаз.

$$x < 250$$

$$a > 500$$



4. Баған түрінде есептеп, дұрыстығын тексер.

$$435 + 218$$

$$897 - 128$$

$$470 + 321$$

$$762 - 345$$

$$378 + 204$$

$$999 - 356$$

$$506 + 319$$

$$225 - 217$$

$$643 + 156$$



5. Жауабын сантиметрмен өрнекте.

$$8 \text{ дм} + 5 \text{ дм}$$

$$7 \text{ м } 5 \text{ дм} - 3 \text{ дм}$$

$$4 \text{ м } 6 \text{ дм } 5 \text{ см} + 9 \text{ см}$$


$$5 \text{ дм} + 8 \text{ дм}$$

$$2 \text{ м } 8 \text{ дм} + 7 \text{ дм}$$

$$6 \text{ м } 2 \text{ дм } 3 \text{ см} - 5 \text{ см}$$



6. «Сиқырлы 500 саны» ойыны. Белгісіз санның мәнін дұрыс тауып, құстарды тордан босат.



7. Кестеге қарап, есеп құра және оны шығар.

Барлық құстар	Ұшып кетті	Қалғаны
Қарға – 320	120 құс	? құс
Сауысқан – 235		
Торғай – 128		



8. Есепті шығар.

Аулада 28 торғай отырды. Оларға тағы 17 қарға ұшып келді. Аулада барлығы қанша құс болды?

Сұрақтарға жауап беріп, бүгінгі жұмысыңды қорытындыла.

Бүгін мен не үйрендім?
Қай тапсырма маған оңай болды?
Қай тапсырма қиын болды?

12. Сандар тізбегіндегі заңдылық

Үй құстары



Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтауды үйренесің.


1. Теңсіздіктердегі бос орынды толтыр. Әр жағдайда бірнеше дұрыс жауап болуы мүмкін бе? Неліктен?

1) $\square < 500$

2) $846 > \square$

3) $\square > 299$

2. Қай сандардың жазылмай қалғанын анықта.



3. Берілген сандарды оқы. Заңдылығын тап. Осы ретпен келесі бес санды атап, әр балапанға өз анасына жетуге көмектес.



100

200

300



310

320

330



800

805

810



Сандар тізбегінде әр сан бірдей заңдылықпен өседі немесе кемиді.

Мысалы: 10, 11, 12, ... – әр сан 1-ге артады.

50, 55, 60, ... – әр сан 5-ке артады.

82, 84, 86, ... – әр сан 2-ге артады.





4. Сандар тізбегін ойлап тап.

- 1) Тізбекте 5 сан болсын.
- 2) Заңдылығын сөзбен түсіндір.

5. Түсіндіре отырып есепте. Дұрыстығын тексер.

$$345 + 127$$

$$832 - 124$$

$$500 + 250$$

$$720 - 215$$

$$225 + 456$$

$$690 - 148$$

$$634 + 106$$

$$999 - 321$$

$$345 + 300$$

6. Теңдеулерді шеш.

$$a + 215 = 315$$

$$c - 621 = 21$$

$$843 - d = 800$$

$$742 + d = 750$$



7. Есепті шығар.

Құс фермасындағы тауықтар 100 жұмыртқа, үйректер 178 жұмыртқа, қаздар 110 жұмыртқа салды.

Барлығы қанша жұмыртқа жиналды? Ал 150 жұмыртқа сатылса, қаншасы қалады?



8. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер. Есеп құра. Шығар.

1. Суретте барлығы қанша құс бейнеленген?
2. Жұмыртқаны жарып шыққан балапандардың саны нешеу?
3. Әлі жарылмаған қанша жұмыртқа бар?
4. Балапандардың саны тауықтың санынан қаншаға артық?



Сұрақтарға жауап беріп, бүгінгі жұмысыңды қорытындыла.

Сабақта не үйрендің?

Қай тапсырма қиын болды?

13. Сандар тізбегін құрастыру

Адам және табиғат



Сандар тізбегін құрастырып үйренесің.

1. Теңсіздіктердің шешімдер жиынын берілген заңдылықпен жалғастыр. Әр жиынға 5 сан жаз.

$$a < 700$$

$$950 > b$$

$$c > 128$$

$$a = 600, 500, \dots \quad b = 940, 930, \dots \quad c = 129, 130, \dots$$

2. Әр қатарға 10 сан қосып, сандар тізбегін жалғастыр. Заңдылығын түсіндір.


а) 125, 130, 135, ..., ...

ә) 850, 840, 830, ..., ...

б) 300, 310, 320, ..., ...



3. Үштаңбалы сандардан тұратын 3 сан тізбегін жаз. Әр сан алдыңғы саннан артып немесе кеміп отыруы керек.



4. Амалдарды орында. Дұрыстығын тексер.

$$326 + 245$$

$$613 + 182$$

$$405 + 193$$

$$850 - 427$$

$$790 - 369$$

$$981 - 456$$

5. Берілген сандарды разрядтық қосылғыштарға жікте. Сандар тізбегіндегі көршілерін ата.

125

642

871

576

248



6. Тапсырмаларды ретімен орында.

а) Есепті шығар.

Мектеп оқушылары табиғат аймағынан 245 кг қоқыс жинады. Келесі сенбіде олар тағы 135 кг қоқыс жинады. 312 кг қоқысты қайта өңдеуге жіберді. Қанша килограмм қоқыс қайта өңдеуге жіберілмеді?



ә) Қоршаған ортаның таза болуына өзің қандай үлес қоса аласың? Ойыңды жаз.

7. Теңдеулерді шеш.

$$105 + a = 314$$

$$b - 220 = 343$$

$$107 + c = 413$$



8. Берілген жоспар бойынша сұрағын ойластырып, есеп құра және оны шығар.

Жоспар

Дәрілеу керек: 5 күнде 500 ағаш.

Дәріленді:

1-күн	2-күн	3-күн	4-күн	5-күн
150	50	100	100	?



9. Гүлдердегі сандардың кеміп жатқанын байқадың ба? Заңдылықты анықтап, тізбектерді жалғастыр.

110	100	90	...	...	...	...	...	...
200	190	180	...	...	...	...	...	...

Өз жауабыңды таңда.



— қызықты болды.



— сәл қиын.



— түсіну қиын болды.

14. Үштаңбалы сандар. Қайталау және жинақтау Жәндіктер әлемі



Үштаңбалы сандарды оқу, жазу, қосу, азайтуды; өрнектер мен теңсіздіктерді, сандардың моделін, тізбегін құруды қайталайсың.



1. «Көбелектер» ойыны. Көбелектердің жанындағы сан гүлдерде разрядтық қосылғыштар түрінде жазылған. Әр көбелектің қай гүлге қонатынын тап.

						
127	845	759	834	354	563	417
 $400 + 10 + 7$			 $800 + 40 + 5$		 $800 + 30 + 4$	
 $300 + 50 + 4$		 $100 + 20 + 7$		 $700 + 50 + 9$		 $500 + 60 + 3$

2. Тапсырмаларды ретімен орында.

- 1) Кестедегі графикалық модельдерді қарап, әрқайсысы қандай санды білдіретінін анықта. Мұндағы:

■ – жүздік

▲ – ондық

● – бірлік

Санның моделі	Сан
■ ■ ▲ ▲ ▲ ▲ ● ●	
■ ■ ▲ ▲ ● ● ●	
■ ■ ■ ▲ ●	

- 2) Берілген жазбаларға сәйкес графикалық модель құр.
 3 жүздік, 2 ондық, 7 бірлік
 4 жүздік, 0 ондық, 5 бірлік


3. «Құмырсқалар патшалығы» тапсырмасы

Тоғайда 3 құмырсқа илеуі бар екен.
 Әр илеудегі құмырсқа саны өртүрлі:

- 1-илеуде – 280 құмырсқа
 2-илеуде – 340 құмырсқа
 3-илеуде – 360 құмырсқа

Сұрақтар:

- ✓ Ең көп құмырсқа қай илеуде болды? Ең аз ше?
- ✓ Егер әр илеуден 100 құмырсқа басқа жаққа кетсе, әр илеуде қанша құмырсқа қалады?



4. Ақпарат көздерінен іздеп, сұрақтарға жауап бер.

- ✓ Құмырсқалар табиғатқа қандай пайда келтіреді?
- ✓ Оларға қамқорлық жасау неліктен маңызды?



5. Мысалдарды шығар. Жауаптарын құмырсқаның жолынан тап.



- $324 + 153$
 $609 - 206$
 $205 + 390$
 $835 - 412$
 $416 + 278$
 $740 - 315$

Өз жауабыңды таңда.

- ✓ Бәрін түсіндім.
- ✓ Өлі де сұрақтарым бар.



15–16. Қайталау және бағалау

Табиғатты қорғау



Бөлімді қайталауға берілген тапсырмаларды орындайсың.

БІЛЕМІН

1. Кестеге мұқият қара. Сандарды оқып, салыстыр. Ең үлкенін тап.

МИЛЛИОН			МЫҢДЫҚ			БІРЛІК		
Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.	Жүзд.	Онд.	Бірл.
		2	5	2	8	5	1	0
	5	1	9	7	2	1	8	9
	3	2	5	6	2	8	6	3
5	7	3	8	5	9	6	4	1

ТҮСІНЕМІН

2. Түсіндіре отырып орында.

$$\begin{array}{r} +318 \\ 274 \\ \hline \dots \end{array}$$

$$\begin{array}{r} -699 \\ 278 \\ \hline \dots \end{array}$$

$$\begin{array}{r} -745 \\ 328 \\ \hline \dots \end{array}$$

$$\begin{array}{r} +527 \\ 459 \\ \hline \dots \end{array}$$


$$\begin{array}{r} -894 \\ 279 \\ \hline \dots \end{array}$$

$$\begin{array}{r} -673 \\ 428 \\ \hline \dots \end{array}$$

ҚОЛДАНАМЫН



3. «Сиқырлы 1000 саны» ойыны. Белгісіз сандардың мәнін тап. Нәтижесі 1000 болуы керек.



ТАЛДАЙМЫН



4. Сұрақтарға жауап бер. Тапсырмаларды орында.

- Әли мен Аяулым серуенге шықты.
- ✓ Әли 12 жәндікті бақылады, оның 7-еуі ұшатын, қалғаны ұшпайтын жәндіктер.
- ✓ Аяулым 15 жәндікті бақылады, оның 9-ы ұшатын, қалғаны ұшпайтын жәндіктер.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ұшатын жәндіктерді қай оқушы көбірек зерттеді?
2. Ұшпайтын жәндіктерді кім көбірек бақылады?
3. Ұшатын жәндіктер санына байланысты теңсіздік жаз.

ЖИНАҚТАЙМЫН



5. Кестедегі сандардың орнына әріптерді қойсаң, нақыл сөз шығады.



80	200	735	590	551	200	80	80	470	200	400	623	200
----	-----	-----	-----	-----	-----	----	----	-----	-----	-----	-----	-----

БАҒАЛАЙМЫН

Кестені толтыр.

Бағалау кезеңі	Менің ойым/жауабым
Не білдім?	
Не үйрендім?	

Мазмұны

I бөлім. 1 000 көлеміндегі сандар. Қосу және азайту	4
1. 1 000-ға дейінгі сандар. Орман өсімдіктері.....	4
2. Үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру. Дала өсімдіктері	6
3. Үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы. Ағаштар мен бұталар	8
4. 1000 саны. 1 000 000-ға дейін санау. Дала гүлдері	10
5. Көптаңбалы сандардың графикалық моделін құрастыру. Үй жануарлары	12
6. Арифметикалық амалдар компоненттері. Дала жануарлары.....	14
7. Үштаңбалы сандарды ауызша қосу және азайту. Теңіз тұрғындары	16
8. Үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту. Көгөністер мен жемістер	18
9. Үштаңбалы сандарды жазбаша қосу, азайту. Жидектер	20
10. Өріпті өрнектердің мәнін табу. Бөлме гүлдері	22
11. Қарапайым теңсіздіктерді шешу. Құстар	24
12. Сандар тізбегіндегі заңдылық. Үй құстары	26
13. Сандар тізбегін құрастыру. Адам және табиғат	28
14. Үштаңбалы сандар. Қайталау және жинақтау. Жәндіктер әлемі	30
15–16. Қайталау және бағалау. Табиғатты қорғау.....	32
17. Көбейту және бөлу. 1 санының қасиеті. Адами құндылықтар. Үлкенді сыйлау	34
18. Көбейту және бөлу. 0 санының қасиеті. Адами құндылықтар. Қамқорлық	36
19. Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті. Отбасылық құндылықтар	38
20. Көбейту және бөлу. Жақшалы өрнектер. Адами құндылықтар. Ар-намыс	40
21. Аудан және оның өлшем бірліктері. Адами құндылықтар. Достық	42

22. Өлшем бірліктерін салыстыру.	
Адами құндылықтар. Еңбек	44
23. Жиындар. Эйлер-Венн диаграммасы.	
Адами құндылықтар. Көмектесу	46
24. Сандар жиыны. Саяхат жасау.....	48
25. Жиындардың бірігуі мен қиылысуы. Кітап – менің досым ..	50
26. Мүмкіндіктер тармағы. Шынықсаң шымыр боласың	52
27. Есепті модельдеу. Салауатты өмір салты	54
28. Есептерді талдау және шығару. Менің сүйікті ісім	56
29. Қайталау және жинақтау. Әдемі киіну	58
30–31. Қайталау және бағалау. Табиғатты қорғау	60
32. 6-ға көбейту және бөлу. Жол жүру ережесі	62
33. 7-ге көбейту және бөлу. Өріпті өрнектер.	
Менің кішкентай досым.....	64
34. 8-ге көбейту және бөлу. Жақшалы және жақшасыз	
өрнектер. Гүл өсіремін	66
35. 9-ға көбейту және бөлу. Шамалар арасындағы қатынас.	
Асүйдегі тәртіп	68
36. Массасы мен саны арқылы жалпы шаманы табу.	
Сыныптағы тазалық	70
37. Жанамә сұрақты есептерді талдау және шығару.	
Кітапхана тәртібі.....	72
38. Қайталау және жинақтау. Дүкенде	74
39–40. Қайталау және бағалау. Мектеп асханасында	76
41. Үлесті құру және оқу. Тәулік	78
42. Жай бөлшектерді оқу және салыстыру. Апта күндері	80
43. Квадрат пен куб. Сабақ кестесі	82
44. Бөлшек және қатынас. Жыл мезгілдері	84
45. Санның бөлігін табу. Сағат тілдері.....	86
46. Үлеске берілген есептер. Демалыс күндері	88
47. Шамаларға берілген есептер. Мерекеге дайындық	90
48. Қайталау және жинақтау. Отбасылық мереке	92
49–50. Қайталау және бағалау. Менің бір күнім	94
51. Шеңбер мен дөңгелек. Киіз үй.....	96
52. Геометриялық фигуралардың түрлері. Көрікті көшелер	98

53. Фигуралардың ауданын табу. Тікбұрышты ғимараттар.....	100
54. Аудан бойынша фигура салу. Ауладағы ойын алаңы.....	102
55. Фигуралардың периметрі. Ерекше пішінді ғимараттар.....	104
56. Параллель және қиылысатын түзулер. Қала көшелерінде.....	106
57. Тіктөртбұрыш, шаршы, шеңбер сызу. Үйдің макеті.....	108
58. Нүктелердің орналасуын анықтау. Қала картасы.....	110
59. Ауданды өлшеу. Өлшеу құралдары.....	112
60. Шамаларды өлшеу. Спорт ғимараттары.....	114
61. Өлшем бірліктерін салыстыру. Құрылыс материалдары.....	116
62. Өлшем бірліктерін түрлендіру. Менің аулам.....	118
63. Ұзындығы, ені, ауданы арасындағы байланыс. Құрылыс алаңы.....	120
64. Шамаларға байланысты есептер. Үйлердің өлшемдері.....	122
65. Тіктөртбұрыш және шаршы. Ежелгі ғимараттар.....	124
66. Геометриялық фигураларды таңбалау. Таңғажайып ғимараттар.....	126
67. Қайталау және жинақтау. Мен сәулетшімін.....	128
68–69. Қайталау және бағалау. Менің қаламдағы әсем ғимарат.....	130
70. Үштаңбалы сандарды ауызша қосып, азайту. «Экспо» көрмесінің орталық ғимараты.....	132
71. Үштаңбалы сандарды жазбаша қосып, азайту. Көпір құрылысы.....	134
72. Нөлдермен аяқталатын сандарды біртаңбалы санға көбейту. «Қазақстан» қонақүйінің ғимараты.....	136
73. Нөлдермен аяқталатын сандарды ауызша бөлу. Кітапхана ғимараты.....	138
74. Қосындыны біртаңбалы санға көбейту. Стадион ғимараттары.....	140
75. Қосындыны біртаңбалы санға бөлу. Мектеп ғимараты.....	142
76. Нөлдермен аяқталатын сандарды көбейту. Театр.....	144
77. Нөлдермен аяқталатын сандарды бөлу. Музей.....	146
78. Қайталау және жинақтау. Саябақ қақпасы.....	148
79–80. Қайталау және бағалау. Қала алаңы.....	150
Пайдаланған әдебиеттер.....	152